

Күршім аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 14/19-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 қаңтарда № 8945-16 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Күршім аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Күршім аудандық мәслихатының "Күршім ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары өкілдерінің санын анықтау Қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 18 сәуідегі № 17-20 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3368 болып тіркелді) ;

2) Күршім аудандық мәслихатының "Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 17-20 "Күршім ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер тұрғындары өкілдерінің санын анықтау Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 29 қазандағы N 20-3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3569 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

К. Бахтияров